

Бөлетова Р.А. *

дидактикалық құралдарды өңдеу бөлімінің басшысы

М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

**ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР АРҚЫЛЫ ДАМУ-
БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ЖЕТІЛДІРУ ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ**

Автор корреспондент: bolet@list.ru

Түйін: Мақала қоғамдық сананы жаңғырту аясында жүзеге асырылып жатқан «Рухани жаңғырту» бағдарламасының бағыттарын тиімді қолданып, қазіргі жаһандану заманында тәрбие беруде ұлттық дүниетанымның өзектілігін талдайды және жастарды тәрбиелеудегі ұлттық мұраның маңыздылығына арналған. Елбасының «Болашаққа бағдар: мемлекеттік сананы жаңғырту» мақаласын Қазақстанның ұлттық және мемлекеттік қалыптасуының қазіргі кезеңдегі рухани жаңғыртудың моделі ретінде білім беру және тәрбие арқылы қоғамдық сананы жаңғырту туралы мәселесі және осы тұрғыда қоғамдық сананы жаңғыртудың негізгі бағыттары Қазақстандағы жаңғыртуды табысты жүзеге асыруға ықпал ететін жеке тұлғаны қалыптастыру үрдісі ретінде қарастырады. Осы орайда қоғамдық сананы жаңғырту, ұлттық болмысынан айрылып қалмай, оны әлемдік құндылықтармен үйлестіріп, Қазақстанның игілігіне жарату жолындағы мақсат-мүдделер, білім беру жүйесінің міндеттері қаралады.

Кілт сөздер: ұлт, құндылық, сананы жаңғырту, дүниетаным, мәдениет, сабақтастық

Әлемдік өркениетке жетудің тиімді жолы – терең білімділікте екенін үнемі мән беріп келе жатқан мемлекеттік саясаттың басымдықтарының бірі адам капиталының жаңа сапасына қатысты білімді дамыту зор назарда. Барлық жастағы азаматтарды қамтитын білім беру ісінде өзіміздің озық жүйемізді құруды жеделдетуді, негізгі өзгерістерге үнемі бейім болуды және жаңа білімді меңгеру қабілетін дамыту қажеттігі анық. Білім беру саласының барлық сатылары бойынша жаңашылдық пен өзгерістер нақтыланып, міндеттер айқындалған. Білім мен ғылымның қуатына тең келетін басқа идеялық-рухани күш, қуат көзі жоқ екені баяғыдан белгілі. Сондықтан білім беру жүйесінің барлық деңгейі заман дамуы мен экономика сұраныстарына жауап беруі тиіс.

Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғырту» мақаласында ұлттық тарихты мәртебелі биікке көтерудің бұрын-соңды көп айтыла бермейтін екі тұғырын ерекше атап өткен. Олар – «Туған жер» бағдарламасы және «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы. Туған жер бағдарламасы отансүйгіштікті қалыптастыруға бағытталған. Патриотизмді ең жақсы үлгісі білім беруде туған жердің тарихын оқудан көрініс тапса игі деген тілегі туған жер тарихын білудің бастауы екені түсіндіріледі. Туған жер бағдарламасы жалпыұлттық патриотизмнің нағыз өзегіне айналатынын айтады. Сонымен қатар, ұлттың жер-суының, киелі жерлерінің тарихын тануда «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» атты бағдарламаның маңызы зор. «Қазақстанның киелі географиясын» құрастырған кезде негізгі үш құрамдас бөлік ескерілген: әр қазақстандықты «Қазақстанның мәдени-географиялық белдігіне» қатысты танымдық дайындау; БАҚ-тың ақпараттық-үгіттеу жұмысын ілгерілету бойынша жүйелік тәсілдемесі; ішкі және сыртқы мәдени туризмнің халықтың символикалық мұрасымен шоғырлануы.

Қазіргі таңда елімізде көптеген тарихи және мәдениет ескерткіштері, барлық қасиетті және мәдени нысандардың бірыңғай өрісін қалыптастыру, ұлттық сана-сезімде оларды бір жерге қиыстыруға мүмкіндік береді. ЮНЕСКО-ның дүниежүзілік мұралары тізіміне енген байлығымыз: Қожа Ахмет Яссауидің кесенесі, Тамқала археологиялық ландшафтының петроглифтері, Сарыарқа – Солтүстік Қазақстанның далалары мен көлдері, Тянь-Шань дәлізіндегі Ұлы Жібек жолының нысандары, табиғи нысандар – Қорғалжын және Наурызым қорықтары, Батыс Тянь-Шань.

Қазақ ұлты өкілінің рухани жан дүниесі, ішкі құбылыс, рухын тануда әлі де зерттелетін мәселелер аз емес. Негізінде рух туралы нақты анықтама беру үшін «Қазақ

тілінің түсіндірме сөздігінде» жүгінейік, онда: «...рух дегеніміз табиғи, материалдық бастамалардан өзгеше, затсыз, идеалды бастаманы, қуатты батылдықты білдіретін ұғым» ретінде қарастырылады. Философиялық мәнде рух абстракция, ол айқындалған шындық немістің классикалық философиясында рух туралы көптеген құнды пікірлер бар. Ұлы ойшыл Гегельдің «Рух феноменологиясы» деген еңбегінде рухтың көріну формаларын айта келіп, өзіндік санаға ерекше тоқталады. Расында, өзіндік сана мен адамның еркіндігі, бостандығы бір-бірімен байланысып жатқан диалектикалық құбылыс. Гегель: «Ақыл-ой дегеніміз – Рух» деген пікір айтады. Әрине, рухты жалғыз ақыл-оймен жеткізу, сипаттау жеткіліксіз болар. Адамдардың адамгершілік өмірі – жеке тұлғаның, яғни адамның өз өмірі болып табылады. Біздің пікірімізше адам рухы, жоғарғы, табиғаттан тыс құндылықтар ретінде сипатталуы қажет, яғни рух адамның дүниені түсіну нәтижесінде қалыптасатын, өз тіршілігі үшін адамның болуын қажет ететін ұғым ретінде қарастырылады. Адам рухы шектілікті заңдарға, қажеттілікке бағынбайтын өзіндік мәні бар болмыстың маңызды бөлігі, өзіндік ерекшелігі. Адамның қоршаған ортамен байланысы арқылы туындаған рухани тіршіліктегі, мәдениеттегі, білімдегі ұдайылықты, тұрақтылықты қамтамасыз етіп отырады.

Аса атап өтетін нәрсе, руханилық – тек жай ғана еркіндік емес, ол жауапкершілік іс, өйткені мұндай адам шексіз шығармашылық мүмкіншілігі арқылы бір өзі бүкіл әлем секілді болады. Осыдан келіп руханилық өлшемі – адамның тұлғалық қасиеттерін тұтастықпен ұштастыра отырып, тұрақты түрде жетілдіру қажеттілігі туындайды.

Дүниетанымды қалыптастыру адам өмірін түгел қамтитын процесс. Әсіресе жастық шақ кезеңінде тұлғаның жалпы дамуында бұл үрдіс тұрақты және үздіксіз өзгерістерге ұшырайды. Олай болса, басты мақсат – жастарды ұлттық игіліктер мен адамзаттық құндылықтар, рухани-мәдени мұралар сабақтастығын сақтай отырып тәрбиелеу. Ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеу үшін: -студенттердің ұлттық сана-сезімін қалыптастыру; -жастардың санасына туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік, мақтаныш сезімдерін ұялату, ұлттық рухын дамыту; -ана тілі мен дінін, оның тарихын, мәдениетін, өнерін, салт-дәстүрін, рухани-мәдени мұраларды қастерлеу; -жастардың бойында жанашырлық, сенімділік, намысшылдық тәрізді ұлттық мінездерін қалыптастыру сияқты міндеттерді орындағанда ғана басты мақсатқа жетеміз.

Әр адам өзінің ұлттық тамырын, әдет-ғұрпын, мәдениетін түсінуінің маңызы зор. Қазақ халқының ғасырлар тұңғығынан бері тарихымен біте қайнасып келе жатқан ұрпақ тәрбиелеудегі тәжірибелері бізге сол рухани мәдениет, этикалық, эстетикалық құндылықтарын құрайтын ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер, әдеби, музыкалық, кәсіби, тұрмыстық фольклорлар мазмұны арқылы жетіп отыр. Сонымен бірге оқыту және тәрбиелеу процесі барысында жалпы халықтың рухани дамуына байланысты қалыптасқан ұлттық тәлім-тәрбиелік ой-пікірлердің: Қорқыт ата, Әл-Фараби, Қожа Ахмет Иассауи, Мұхамед Хайдар Дулати, Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари, Асанқайғы, т.б. қазақ ақын-жырауларының мұралары, билер мен шешендердің тәлімдік сөздері негізгі құрал болмақ. Тәрбие тағылымын тану арқылы Әл-Фараби айтқан: «Тәрбиелеу дегеніміз – халықтардың бойына білімге негізделген этикалық игіліктер мен өнерлерді бойына дарыту». Сондықтан ұлттық тәрбие үрдісі педагогикалық тәрбиенің тәлімгерлік мақсатын ашып, жеке тұлғаны заман талабына сай адамгершілікке тәрбиелеу үшін тәрбиетану не тәрбие аспектілерін танытатын тағылымтану пәнін оқыту арқылы жүзеге асырылады. Білімдер сенімге айналу үшін, жеке тұлғаның қажеттіліктерінен, әлеуметтік үміт пен құндылық бағыттарынан биік болып тұрған көзқарастарының жалпы жүйесіне және оның сезіміне айналуы қажет. Мәселен құндылықтарға бейімделу, мойындау, әрбір азаматтың көңілінен орын алатын мәдениетті қарым-қатынас жасау жүйесі, жеке тұлғаның өмірлік мәні, бет-бейнесі болып табылады. Осы орайда маңызды аспект, халқымыздың ұлттық дүниетанымының мол мұрасын толық зерттемей және оны күнделікті оқу-тәрбие процесіне пайдаланбай, жан-жақты жетілген ұлтжанды жастарды тәрбиелеу мүмкін емес.

Өз ұлтын қадірлеп-қастерлеген, ұлт қадірін білген азаматтың бірі Ж.Аймауытов: «Мен халыққа кіндігіммен байланып қалғанмын. Оны үзе алмаймын. Үзу қолымнан келмейді» - дейді. Сырым Датұлы: «Мен ағайынды екеумін: бірі-өзім, екіншісі-халқым» - дейді. Қоғамдағы адамдар жасаған рухани, материалдық, мәдени құндылықтардың алмасуы оқыту процесі арқылы жүзеге асырылады. Қазақ халқының осындай дәріптеуге, қастерлеуге, дамытуға тұрарлық ұлттық рухани және материалдық құндылықтары туралы ұлағатты, құнды ойларын халық игілігіне, келешек ұрпақты, ел-жұртқа ие болар азаматтарды тәрбиелеу. Қорыта келгенде, еліміздің әрбір азаматы ұлтына, нәсіліне, сенімі мен намысына, саяси көзқарасымен, ұстаған бағыт – бағдарына т.б. ерекшеліктеріне карамастан, өзі өмір сүріп жатқан мемлекетін «туған елім, Отаным» деп тануын жастайынан қалыптастыру қажет.

Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н.Болашаққа бағдар:рухани жаңғыру//Егемен Қазақстан.12 сәуір 2017.
- 2.М.М.Тәжин «Тарих толқынындағы халық» // Егемен Қазақстан, 06.06.2013.
- 3.Қазақстан ғылымы: талдамалық шолу. Наука Казахстана: аналитический обзор. Астана, 2013. – 192 бет.
4. Қалиев С., Молдабеков Ж., Иманбекова Б. «Этнопедагогика» – Астана, 2005
5. Беркімбаева Ш.К., Құсайынов А.Қ. «Педагогика. Көрнекі дәрістер жинағы» - Алматы, 2009 ж.

Аннотация: В статье раскрывается актуальность национального мировоззрения в воспитании в эпоху современной глобализации путем эффективного применения реализации программы «Рухани жаңғыру» и посвящена значению национального наследия в воспитании молодого поколения. В статье анализируется статья Елбасы «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» как модель духовной модернизации на современном этапе государственного и национального строительства Казахстана. Рассматривается вопрос модернизации общественного сознания через образование. В этом контексте основные направления модернизации общественного сознания выступают как принципы формирования типа личности, способствующей успеху модернизации в Казахстане. В этой связи показаны цели и обязанности системы образования в модернизации общественного сознания, сохранение национальных ценностей во благо процветания Казахстана.

Abstract: The article reveals the relevance of the national worldview in education in the era of modern globalization through the effective application of the implementation of the program "Rukhani Zhagyru" and is devoted to the significance of national heritage in the education of the young generation. The article analyzes the article of Elbasy "Looking into the future: modernization of public consciousness" as a model of spiritual modernization at the present stage of state national construction of Kazakhstan. The issue of modernization of general consciousness through education is considered. In this context, the basic directions of modernization of public consciousness act as principles of the formation a personality type, In this context, the main directions of modernization of public consciousness act as principles of the formation of a personality type promoting success of modernization in Kazakhstan. In this regard, the goals and responsibilities of the education system in the modernization of public consciousness, the preservation of national values for the benefit.